



Автор: Юсупова Жансулу Жанабергеновна

Предмет: Қазақ тілі

Класс: 6-сынып

Раздел: Отан отбасынан басталады

Тема: Отан отбасынан басталады

Мақсаты	Барлығы: тірек сөздер,мәтіннің бастапқы бөлімін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжайды. Көпшілігі: тақырып бойынша диалогті бастайды,жалғастырады,аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын біледі. Кейбірі: ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана отырып, диалог мазмұның өздері құрастырады.
Психологиялық ахуал	Психологиялық ахуал туғызу «Тамаша екен» жаттығуы. Оқушылар үлкен шеңберге тұрады. Әрбір оқушы өз бойындағы жақсы қасиетін айтады,мысалы: -Мен ақкөңілмін. -Мен ақылдымын. Қалғандары «Тамаша екен!»деп бас бармағын көрсетіп,қолдарын жоғары көтереді. Топқа бөлу. Түрлі стикерлерді тарату арқылы оқушыларды екі топқа бөлу: «Бірлік», «Достық». «Ми шабылуы» стратегиясы Тапсырма: ребустарды шешу арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын ашасыңдар. (топтық жұмыс) Жауабы:Отан отбасынан басталады.

Ход урока

Этапы урока	Запланированная деятельность на уроке	Ресурсы
Тыңдалым алды	Тыңдалым алды 1-тапсырма (топтық жұмыс) «Артығын алып таста» ойыны (тыңдалымға берілетін материал бойынша а)Берілген қатардан сабақ тақырыбына қатысы жоқ артық сөздерді табыңдар: қауым,қарт,ұрыс-керіс,компьютер,тату-тәтті,ақсақал,ғаламтор,қария,төр,кешірім,бірлік, шаттық,келісім,бағдаршам. (артық сөздер: компьютер, ғаламтор, бағдаршам). в)жаңа сөздерді синонимдес сөздер арқылы мағынасын ашыңдар,мысалы:қауым-халық,қария-ақсақал т.б. Дескриптор: 1.Берілген қатардан артық сөздерді таба алады. 2.Жаңа сөздерді синонимдес сөздер арқылы мағынасын аша алады. Үш шапалақ арқылы қолдау жасау,дұрыс жауап үшін фишка беру.	